

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы 2022 жылдың 11 мамыр күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүйелі жұмыстар жүргізу, қамқоршылық кеңес мақсатында өткен жиналыстың

№3 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметі төмен, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстыру
2. Бөбекжай-бақшаға демеушілер, мектеп түлектерін тарту.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша қамқоршылық кеңес төрағасы **Н.Пірмантаев** сөз алды.
 - Жазғы сауықтыру- шынықтыру тәрбиелік маңызы сонда—ол балалардың уақытын әсерлі, тартымды етіп өткізіп, педагогикалық жағынан мақсатты болуына жағдай жасайды, олардың денсаулығын нығайтады, жанашылдыққа ұмтылған қажеттілігін қанағаттандырады, шығармашылық жағынан өзін-өзі танытады, еңбек, таным, өнер, ойын және жеке тұлғаның қоғамдағы өз орнына нықтайтын басқа да салалар бойынша әртүрлі мазмұндағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Жазғы демалыс—бұл тек әлеуметтік қорғау ғана емес, балалардың шығармашылық дамуына мол мүмкіндік. Балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмысының барлық бағыттары—дене шынықтыру-сауықтыру. Баланың жазғы уақыты көңілді өтуінің маңызы өте зор екеніне ешкім де таласа қоймасы анық. Сергек, жағымды әсерлі көңіл күй—жазғы уақытта балалармен жұмыс жасаудың басты шарттарының бірі. Сондықтан бөбекжай-бақшадағы әлеуметі төмен, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстыру керек деп ойлаймын.

Шығып сөйлеуші көп балалы ата-ана, жеке кәсіпкер, қамқоршылық кеңес мүшесі:

Г.Алмаханова

- Әр жыл сайын бөбекжай-бақша ұйымдастыруымен жазғы шынықтыру-сауықтыру шаралары өтеді. Балаларымыз жазғы уақытын қызықты әрі тартымды өткізсін деп бөбекжай-бақшасының жазғы лагеріне береміз.
2. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша қамқоршылық кеңес мүшесі **Г.Нұраханова** сөз алды.
 - «Қуанса, бала қуансын» дегендей демеуші болып, балабақшаға көмек көрсетуден жалықпаймыз. Жыл сайын мектепке мектеп түлектері демеушілікпен өз қаражаттарына мектепке қажетті заттар алып беріп жатады. Сол түлектер осы балабақшаданда ұшып шыққаны белгілі. Сондықтанда түлектерді бөбекжай-бақшаға демеуші ретінде тартсақ қалай болады деп ойымды ортаға салып отырмын.

Шығып сөйлеуші көп балалы ата-ана, жеке кәсіпкер, қамқоршылық кеңес мүшесі:

С.Имагамбетова:

- Бұл ойға толық қосыламын. Түлектерді де демеішлікке тартсақ. Оларда қарсы болмайды деп ойлаймын, осы бөбекжай-бақшадан түлеп ұшып, білім алды. Биылғы түлектерге осы ойымызды айтып, бөбекжай-бақшаға, балаларға қажетті заттар мен ойыншықтарды алуға ұсыныс айтуды жөн көріп отырмын.

Шешім:

1. Әлеуметі төмен , жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына қатыстырылсын.
2. Бөбекжай-бақшаға демеушілер мектеп түлектері тартылсын.

Бөбекжай-бақша меңгеруші:

А.Задаева

Хатшы:

А.Мұратова

